Бекітемін
№88 мектеп директоры К.Қожалепесов
31.08.2021

# Психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары

**Мектеп психологі: Абдулла Қ.А**

Ү. Түктібаев аулы
2021 – 2022 оқу жылы

**Психологиялық қызметтің мақсаты**:

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

## ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I. Диагностикалау | | | |
| 1. | Қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау | Зерттеу, жинақтау | Қабілеті жоғары оқушы | Қыркүйек | | |
| 2. | Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу: Жүргізілетін әдістеме: Р.С.Немова әдістемесі «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуын және тұрмыстық білім қорын анықтау» Керн Йерасек әдістемесі | Психодиагностика | 1-сыныптар | Қыркүйек | | |
| 3. | Скрининг: «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» (онлайн) | Сауалнама | 7-11 сыныптар | Қыркүйек | | |
| | | | II. Түзету-дамыту жұмысы | | | |
| 1. | 1-сынып оқушыларын психологиялық бейімдеу. «Балалардың таным процестерін ойын арқылы дамыту» | Тренинг | 1- сыныптар | Қыркүйек | | |
| 2. | 5-сынып оқушыларымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» | Тренинг | 5-сыныптар | Қыркүйек | | |
| 3. | 11-сынып оқушыларымен | Тренинг | 11- | Қыркүйек | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» психологиялық сабағы | | сыныптар | | | |
| | III. Профилактика және психологиялық ағарту | | | | | |
| 1. | Ата –аналармен онлайн конференция: «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» | Конференция | 1- сынып ата-аналары | Қыркүйек | | |
| 2. | «Сунинд сақшылары» ретінде ата-аналарды хабардар ету | Жиналыс | 7-8 сынып ата-аналары | Қыркүйек | | |
| 3. | Жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына ата-аналар рұқсатын алу | Қолхат алу | 1-11 сыныптар | Қыркүйек | | |
| | IV. Консультация беру | | | | | |
| 1. | Ерекше білім берулі қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдеріне онлайн кеңес беру | Кеңес беру | Ерекше білім берулі қажет ететін оқушылар | Қыркүйек | | |
| 2. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сұранысқа сәйкес | | |
| | V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | | |
| 1. | Психологиялық қызмет құжаттарын дайындау | | | Қыркүйек | | |
| 2. | Бала дамуының психологиялық картасын толықтыру | | | Қыркүйек | | |
| 3. | Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін жасау | | | Қыркүйек | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Қадағалауды қажет ететін оқушылар тізімін жинақтау, есепке алу (тәрбиеге қиындық келтіретін оқушы, әлеуметтік жағдайына байланысты, сұраныс негізінде ж.т.б.) | | | Қыркүйек | |
| 5. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Қыркүйек | |
| | VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | |
| 1. | Қыркүйек айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Қыркүйек | |

## ҚАЗАН АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I. Диагностикалау** | | | | | |
| 1. | Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмыстары: Әдістеме: «Н.Г.Лусканова» Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. | Сауалнама | 5-сыныптар | Қазан | | |
| 2. | Кохтың «Ағаш» проективті әдістемесі | Проективті тест | 2-4 сыныптар | Қазан | | |
| 3. | Скрининг: «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» (онлайн) | Сауалнама | 7-11 сыныптар | Қазан | | |
| | **II. Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | |
| 1. | 1-сынып оқушыларын психологиялық бейімдеу.-«Балалардың таным процестерін ойын арқылы дамыту» | Тренинг | 1-сыныптар | Қазан | | |
| 2. | 5-сынып оқушыларымен «Орта мектептегі жаңа оқушы» психологиялық бейімдеу сабақтары | Тренинг | 5 -сыныптар | Қазан | | |
| 3. | 5-сынып оқушыларымен «Біздің мұғалімдеріміз» психологиялық бейімдеу сабақтары | Тренинг | 5 -сыныптар | Қазан | | |
| 4. | 11-сынып оқушыларымен «Өзіне сен ойыңді алып шығар...» психологиялық сабағы | Тренинг | 11 -сыныптар | Қазан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| III. Профилактика және психологиялық ағарту | | | | | |
| 1. | Ата –аналар конференциясы: 2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек | Конференция | 2-4 сынып ата-аналары | Қазан | |
| 2. | Ата –аналар конференциясы: 5-7сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек | Конференция | 5-7 сынып ата -аналары | Қазан | |
| IV. Консультация беру | | | | | |
| 1. | «Мазасыздықты қалай жоюға болады?» Дейл Карнеги кеңесі | Кеңес беру | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Қазан | |
| 2. | Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау | Кеңес беру | Скрининг нәтижесі бойынша (7-11 сыныптар) | Қазан | |
| 3. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сұранысқа сәйкес | |
| V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Қазан | |
| VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | | |
| 1. | Қазан айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Қазан | |

## ҚАРАША АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I. Диагностикалау | | | |
| 1. | Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау: Д.Мореноның «Социометрия» әдістемесі | Сауалнама | 2-9 сыныптар | Қараша | | |
| 2. | Ата-аналарға арналған «Баланың дарындылығын анықтау» тесті | Тест | Қабілеті жоғары оқушы | Қараша | | |
| 3. | Жеткіншектердің психикалық саулығын бағалау шкаласы: «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі<br>Проективті тест «Менің отбасым» | Психологиялық зерттеу әдістері | 5- 6 сыныптар | Қараша | | |
| 4. | Қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау.<br>Бала қабілетін анықтауға арналған тест – сауалнама. Ата-аналар, мұғалімдер | Тест | 1-11 сыныптар | Қараша | | |
| | | | II. Түзету-дамыту жұмысы | | | |
| 1. | Жас мамандармен эмоционалдық күйдің алдын-алу психологиялық сабақтар | Тренинг | 1-3 жыл аралығында жұмысқа орналасқан мұғалімдер | Қараша | | |
| 2. | Релаксациялық жаттығу | Релаксация | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Қараша | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | 1-сынып оқушыларымен қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жаттығулар | Тренинг | 1-сыныптар | Қараша | | |
| 4. | 5-сынып оқушыларымен «Бір-бірімізді түсінеміз бе?» психологиялық бейімдеу сабақтары | Тренинг | 5- сыныптар | Қараша | | |
| 5. | 11-сынып оқушыларымен «Ашу-ызамен не істеу керек?» бейімдеу сабағы | Тренинг | 11 - сыныптар | Қараша | | |
| | III. Профилактика және психологиялық ағарту | | | | | |
| 1. | Ата –аналар конференциясы : 8-9 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек | Конференция | 8-9 сынып ата-аналары | Қараша | | |
| 2. | «Суицид сақшылары » ретінде мектеп мұғалімдерін оқыту | Дәріс | Мектеп ұжымы | Қараша | | |
| 3. | «Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы бойынша 3 апталық дәріс оқу | Дәріс | 7- 8 сыныптар | Қараша | | |
| | IV. Консультация беру | | | | | |
| 1. | Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғары қадағалау» тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау | Кеңес беру | Скрининг нәтижесімен (7-11 сыныптар) | Қараша | | |
| 2. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сұранысқа сәйкес | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім берулі қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Қараша | |
| | VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | |
| 1. | Қараша айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Қараша | |

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I. Диагностикалау** | | | | | |
| 1. | Оқушылармен кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан сауалнама алу «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов). Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типін анықтау тестісі. Голомшток әдістемесі бойынша қызығушылық картасы | Тест, сауалнама | 9-11 сыныптар | Желтоқсан | | |
| | **II. Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | |
| 1. | 11-сынып ата-аналарына арналған ойын элементтерімен тренинг, вебинар, жиналыс т.б. | Тренинг | 11-сынып ата-аналары | Желтоқсан | | |
| 2. | Олимпиада қатысушыларымен тренинг жүргізу | Тренинг | Қабілеті жоғары оқушылар | Желтоқсан | | |
| 3. | Қарым-қатынас жасай білу – үлкен өнер | Тренинг | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Желтоқсан | | |
| 4. | 1-сынып оқушыларымен «Біз біргеміз!» психологиялық тренингі | Психологиялық ойын | 1-сыныптар | Желтоқсан | | |
| 5. | Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған психологиялық сабақтар, кіріктірілген сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер | Тренинг | 2-3 сыныптар | Желтоқсан | | |
| | **III. Профилактика және психологиялық ағарту** | | | | | |
| 1. | «Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдылары | Рефреш | 9-11 | Желтоқсан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру бағдарламасы бойынша рефреш | | сыныптар | | | |
| 2. | «Жасөспірімнің денсаулығын нығайту және суициттің алдын-алу» *(конференция, дәріс, денсаулық сағаты т.б.)* | Дәріс | 8-10 сыныптар | Желтоқсан | | |
| IV. Консультация беру | | | | | | |
| 1. | Шағын-дәріс «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» | Кеңес беру | 4 сынып | Желтоқсан | | |
| 2. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сұранысқа сәйкес | | |
| V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Желтоқсан | | |
| VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | | | |
| 1. | Желтоқсан айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Желтоқсан | | |

## ҚАҢТАР АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І. Диагностикалау** | | | | | |
| 1. | Мектеп ұжымындағы қарым-қатынасты зерттеу т.б. «Мұғалімнің психологиялық портреті» «Мұғалім әлебі» | Тест | Мұғалімдер | Қаңтар | | |
| | **ІІ. Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | |
| 1. | Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған *психологиялық сабақтар, кіріктірілген сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер* | Семинар-тренинг | 6-7 сыныптар | Қаңтар | | |
| 2. | «Ата-анамның қолдауы, арманымның орындалуы», «Емтихандарға және ҰБТ-ге дайындалуға көмек» ата-аналарға жадынама | Тренинг | 11 –сынып оқушылары ата-аналары | Қаңтар | | |
| 3. | Танымдық процестерді дамыту жаттығулары *( кіріктірілген сабақтар)* | Психологиялық ойын | 1-4 сыныптар | Қаңтар | | |
| 4. | Мұғалімдердің эмоционалдық құлдырауының алдын-алу *(вебинар, пси.сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер)* | Семинар-тренинг | Педагогтар | Қаңтар | | |
| | **ІІІ. Профилактика және психологиялық ағарту** | | | | | |
| 1. | Жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу шаралары, психологиялық көмек, құқықтық кеңес беру, профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру | Ағарту жұмысы | 7-11 сыныптар | Қаңтар | | |
| 2. | «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын- | Кездесу | 5-11 сынып | Қаңтар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, клиника психологымен кездесу өткізу | | оқушылары | | |
| IV. Консультация беру | | | | | |
| 1. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сұранысқа сәйкес | |
| V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | | |
| 1. | Психолог апталығы | Апталық | Оқушы, мұғалім, ата-ана | Қаңтар | |
| 2. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Қаңтар | |
| VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | | |
| 1. | Қаңтар айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Қаңтар | |

## АҚПАН АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | I. Диагностикалау | | | | |
| 1. | Діни экстримизмнің алдын алу бағытындағы сауалнама алу | Сауалнама | 7-10 сыныптар | Ақпан | | |
| | | II. Түзету-дамыту жұмысы | | | | |
| 1. | Қабілетті оқушыларға арналған тренинг элементтерімен психологиялық сабақ | Тренинг | Қабілеті жоғары оқушылармен | Ақпан | | |
| 2. | «Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейіріммен нұрланған» | Тренинг | 1-2 сыныптар | | | |
| 3. | «Өзіңе сен! Сен ҰБТ-де жеңіске жетесің» | Тренинг | 11- сыныптар | Ақпан | | |
| | | III. Профилактика және психологиялық ағарту | | | | |
| 1. | Кәсіби бағыт-бағдар беру: *9-сынып оқушыларымен психологиялық ойындар, сабақтар т.б.* | Ағартушылық | 9 - сыныптар | Ақпан | | |
| 2. | Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу | Кездесу | 7-11 сынып | Ақпан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстардың, соның ішінде сексуалды сипаттағы қылмыстардың алдын-алу мәселелеріне байланысты құқық қорғау органдарының қатысуымен « Отбасындағы зорлық-зомбылық: балаға қалай көмек беруге болады?», «Зиянды әдеттерге қарсы тұру» , «Балаларға қатысты қатыгездік нысандары және оның зардаптары», «Әке мен шешенің тәрбиелік маңызы», «Жазалау және ынталандыру мәселелері бойынша ата-аналардың педагогикалық мәдениеті» тақырыптарында ата-аналар жиналыстарын өткізу | Жиналыс | Ата-аналар | Ақпан | | |
| 4. | Әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау | Ағартушылық | Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балалары | Ақпан | | |
| | **IV. Консультация беру** | | | | | |
| 1. | «Адам өзіне қалай сенімді бола алады?» психоконсультация | Кеңес беру | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Ақпан | | |
| | **V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс** | | | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Ақпан | | |
| | **VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер** | | | | | |
| 1. | Ақпан айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Ақпан | | |

## НАУРЫЗ АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I. Диагностикалау** | | | | | |
| 1. | Г.Айзенктің субтесті (7-9 сынып) | Субтест | Қабілеті жоғары оқушылар | Наурыз | | |
| | **II. Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | |
| 1. | 11-сынып оқушыларымен «Бір-бірімізді тыңдай білеміз ба?» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11- сыныптар | Наурыз | | |
| 2. | «Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейіріммен нұрланған» | Тренинг | 1-2 сыныптар | Наурыз | | |
| 3. | Жарайсың! (психологиялық бейімдеу сабақтары) | Тренинг | 4,9 сынып | Наурыз | | |
| 4. | «Дос іздеп жүрмін» | Тренинг | 5 сынып | Наурыз | | |
| | **III. Профилактика және психологиялық ағарту** | | | | | |
| 1. | Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу | Кездесу | 7-11 сынып | Наурыз | | |
| 2. | «Бәрі де өз қолыңда» бейнеролигі | Бейнеролик | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Наурыз | | |
| 3. | «Отбасы – адамның өз бақыты» | Дәріс | Ата-аналар жиналысында | Наурыз | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | IV. Консультация беру | | | | | |
| 1. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Наурыз | | |
| | V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Наурыз | | |
| | VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | | |
| 1. | Наурыз айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Наурыз | | |

## СӘУІР АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I. Диагностикалау | | | |
| 1. | Dass шкаласы | Сауалнама | 7-11 сыныптар | Сәуір | | |
| 2. | НСВ -10 | Аяқталмаған сөйлем | 5- 6 сыныптар | Сәуір | | |
| 3. | Таным процестерін зерттеу *(4 сыныптар)* | Психодиагностика | Қабілеті жоғары оқушылар | Сәуір | | |
| | | | II. Түзету-дамыту жұмысы | | | |
| 1. | Арт терапия элементтері арқылы оқушыларды психологиялық сүйемелдеу | Тренинг | 5-7 сыныптар | Сәуір | | |
| 2. | 11-сынып оқушыларымен «Стреспен қалай күресуге болады? » психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11 - сыныптар | Сәуір | | |
| 3. | Оқушылардың өзіндік бағасын көтеру *(Психологиялық ойындар)* | Тренинг | 6- сыныптар | Сәуір | | |
| 4. | 11-сынып оқушыларымен «Өзіңді сүю, өмірді сүю» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11 - сыныптар | Сәуір | | |
| | | | III. Профилактика және психологиялық ағарту | | | |
| 1. | «Жасөспірімнің денсаулығын нығайту және суицидтің алдын-алу».Жастар денсаулық орталығының мамандарымен тренинг ұйымдастыру | Семинар-тренинг | 7-10 сыныптар | Сәуір | | |
| 2. | «Бәрі маған байланысты, бәрі менің қолымда» | Бейнеролик | 4,9 сынып | Сәуір | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | IV. Консультация беру | | | |
| 1. | Сауалнама бойынша «Жоғарғы қадағалау» тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау; | Кеңес беру | 5-11 сыныптар | Сәуір | | |
| 2. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Сәуір | | |
| | | | V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | |
| 1. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Сәуір | | |
| | | | VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | |
| 1. | Сәуір айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Сәуір. | | |

## МАМЫР АЙЫ

| № | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I. Диагностикалау** | | | | | |
| 1. | «Оқушының оқу пәндеріне деген қарым-қатынасы мен қызығушылығын анықтау» сауалнамасы (7-сыныптар) | Сауалнама | Қабілеті жоғары оқушылар | Мамыр | | |
| 2. | «Менің ең жақсы күнім», «Менің ең жаман күнім» эссе | Эссе | 5-11 сыныптар | Мамыр | | |
| | **II. Түзету-дамыту жұмысы** | | | | | |
| 1. | 11-сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтан етемін!» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11-сыныптар | Мамыр | | |
| 2. | 11-сынып оқушыларымен «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11-сыныптар | Мамыр | | |
| 3. | 11-сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай жақсы дайындалу керек?» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11-сыныптар | Мамыр | | |
| 4. | 11-сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай жақсы дайындалу керек?» психологиялық бейімдеу сабағы | Тренинг | 11-сыныптар | Мамыр | | |
| | **III. Профилактика және психологиялық ағарту** | | | | | |
| 1. | «Бақытты отбасы» отбасылық сайысын ұйымдастыру | Марафон | 5-11 сыныптар | Мамыр | | |
| 2. | «Суицид сақиналары » ата-аналарды ақпараттандыру | Дәріс | 5-10 ата-аналары | Мамыр | | |
| 3. | Жазғы демалысқа шығар алдында оқушыларға қауіпсіздік шаралары жөніндегі | Түсіндіру жұмысы | 5-10 сыныптар | Мамыр | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндірме жұмысын жүргізу | | | | |
| | IV. Консультация беру | | | | |
| 1. | Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларының ата-аналарына кеңес беру | Кеңес беру | Ата-аналар | Мамыр | |
| 2. | Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру | Кеңес беру | Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана, оқушы | Мамыр | |
| 3. | Эссе бойынша «Жоғарғы қадағалау» тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау; | Кеңес беру | 5-11 сыныптар | Мамыр | |
| 4. | Агрессивті мінез-құлықтан арылуға арналған психоконсультациялар | Кеңес беру | Ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар | Мамыр | |
| 5. | 9-11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан тапсыруы барысында өз-өзін басқара білуі «Өзіңе сен, сен емтиханда жеңіске жетесің!» | Кеңес беру, ағартушылық | 9,11-сыныптар | Мамыр | |
| | V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс | | | | |
| 1. | Интеллектуалды сайыс | Сайыс | Қабілеті жоғары оқушылар | Мамыр | |
| 2. | «Тәуекел топ», ерекше білім беруді қажет ететін, үйден оқитын оқушыларға арналған жеке бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу | Психологиялық жұмыс | Қадағалауды қажет ететін оқушылар | Мамыр | |
| | VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер | | | | |
| 1. | Мамыр айында атқарылған жұмыстар есебін дайындау | | | Мамыр | |
| 2. | 2021-2022 оқу жылының аналитикалық және статистикалық есебі | | | | |

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Успанова З, Ниязбекова К, Аяганова А. М. Мектептегі психологиялық қызмет. Қызылорда – 2004ж
2. Рогов Е. Настольная книга практического психолога. Владос – 2001ж
3. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі. Мектептегі психологиялық диагностика. Астана – 2005ж
4. Амирова С, Жантикеев Д ж.т.б. Мектеп психологының жұмыс кітаптары (жинақ). Астана – 2015ж
5. Бизакова Ф. Психологиялық тест жинағы. Тараз – 2012ж
6. Бизакова Ф. Психологиялық түзету-дамыту жұмысы. Тараз – 2012ж
7. Мектептегі психологиялық диагностика.Әдістемелік құрал. Астана – 2005ж
8. Симонова О.К. Родительские собрания с психологом. Москва – 2011ж
9. Елшібаева К. Балаларға өзара әсер етудің тиімді жолдары. Алматы – 2010ж
10. Сіз ұлттық бірыңғай тестілеуге дайынсыз ба? Алматы
11. Мектеп психологінің жұмыс кітабы /1-11 сыныпқа дейін/ Астана – 2015ж


№88мектеп психологы: [signature] Қ.Абдулла

**2021-2022 оқу жылындағы Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектептің психологиялық қызмет орталығының атқарған жұмыстарына**

**АНЫҚТАМА**

Психологиялық қызмет орталығының жоспарына сәйкес тамыз – қыркүйек айларында психологиялық қызмет орталығының құжаттары дайындалып, бұйрықтар шығарылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды.

Тәрбие орталығымен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, қадағалауды қажет ететін және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларындағы оқушыларды анықтау, есепке алу жұмыстары жүргізілді.

**Қыркүйек** айында «Тағдыр сақшылары» ретінде 5-8 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы ақпараттар беріліп, Google disk интернет платформасы арқылы жыл бойы оқушыларға жүргізілетін зерттеу жұмыстарына 1-11 сынып оқушылары ата-аналарының рұқсат қолхаты алынды.

1 сынып оқушыларын мектепке қабылдау, дайындығын зерттеу мақсатында Р.С.Немов «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуын және тұрмыстық білім қорын анықтау» және Керн-Иерасек әдістемелері жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 34. Әдістеме қорытындысы бойынша сынып жетекшіге, ата – аналарға WhatsApp желісі арқылы кеңестер берілді. Сонымен қатар «Балалардың таным процестерін ойын арқылы дамыту» атты түзете-дамытушылық бағытта психологиялық тренинг және WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы өткізілді. Қатысқан ата-ана саны – 22.

WhatsApp желісі арқылы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдеріне кеңес берілді.

WhatsApp желісі арқылы «Суицид сақшылары» ретінде 7-8 сынып оқушылары ата-аналарына дәрістер берілді. Қатысқан ата-ана саны – 75.

5 сынып оқушыларын орта буынға бейімдеу мақсатында «Бесінші сынып дегеніміз не?», тақырыбында 5 сынып оқушыларына түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізіліді. Қатысқан оқушы саны – 32.

8 сынып оқушыларына қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жаттығулар жүргізіліп, топтық және жеке кеңестер берілді. Оған 35 оқушы қатысты.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ның жалпы ережелерімен таныстыру және өзіндік сенімділік жағдайларын қалыптастыру мақсатында «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді. Қатысқан оқушы саны – 24.

**Қазан** айында 2 – 4 сынып оқушыларының ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы өткізілді. Қатысқан ата-ана саны – 122.

5 сынып оқушыларына Н.Г.Лускернованың «Оқу мотивациясын тексеруге» арналған әдістемесі жүргізіліп қорытындысы шығарылды. Әдістеменің мақсаты Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Қатысқан оқушы саны – 33.

Кохтың «Ағаш» проективті әдістемесі 2-4 сыныптар бойынша алынып қорытындысы шығарылды. Қатысқан оқушы саны – 121.

7-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 160 оқушы «ЖАСТАР ОРГ» сайтына тіркеліп, қатысты. Жүргізілген диагностика нәтижесінде «Психологиялық сүйемелдеу тобына» 3 оқушы, «Психологиялық қолдау тобына» 10 оқушы алынды. Оқушылармен сұхбат жүргізіліп, ата-анаға тиісті ақпараттар мен кеңестер берілді. «Тәуекел тобына» алынған оқушыларға жылдың аяғына дейін жұмыс жоспары жасалып жұмыстар жүргізілді.

5 – 7 сынып оқушыларының ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы өткізілді. Қатысқан ата-ана саны – 112.

1 сынып оқушыларына «Балалардың таным процестерін ойын арқылы дамыту» атты түзете-дамытушылық бағыттағы екінші психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 32.

5 сыныптарға «Орта мектептегі жаңа оқушы» және «Біздің мұғалімдеріміз» атты психологиялық бейімдеу сабақтары өткізілді. Мақсаты: Оқи білу, өзінің іс әрекетін жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету; орта мектептегі оқыту процессінің жаңа ережелерін талқылау. Қатысқан оқушы саны – 33.

11 сыныптарға «Өзіңе сен өзіңді алып шығар...» атты тренинг сабағы өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 21.

**Қараша** айында айында 8 – 9 сынып оқушыларының ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы өткізілді. Қатысқан ата-ана саны – 74.

Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында 2-9 сынып оқушыларына Д.Моренонын «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға 309 оқушы қатысты. Диагностика нәтижелері бойынша оқушыларға қарым-қатынасты дамытуға бағытталған «Қарым-қатынас жасай білу – үлкен өнер» атты тренинг жүргізіліп, жеке және топтық кеңестер берілді.

5 – 6 сынып оқушыларынан «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі және «Менің отбасым» проективті тесті жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 67. Диагностика нәтижесі бойынша «қолдау тобына» шыққан оқушылар болған жоқ.

«Тағдыр сақшылары» ретінде мектеп қызметкерлері оқытылды.

1-сынып оқушыларымен қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жаттығулар, 5-сынып оқушыларымен «Бір-бірімізді түсінеміз бе?» психологиялық бейімдеу сабағы және 11-сынып оқушыларымен «Ашу-ызамен не істеу керек?» тақырыбында түзете-дамытушылық бағытта тренинг сабақтар жүргізілді.

**Желтоқсан** айында оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау, кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларына «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасы, «саралаушы диагностикалық сұрақнама» әдістемесі (Е.А.Климов). «Д.Голландтың тұлғалық типін анықтау» тесті, Голомшток әдістемесі жүргізілді. Жүргізілген диагностикалық

жұмыстардың нәтижесі бойынша оқушыларға жеке және топтық кеңестер берілді.

Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша 7-8 сынып оқушыларымен аптасына 1 сағаттық 3 дәріс сабағы өткізілді.

«Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша арқылы 9,10,11 сынып оқушыларына қайталау дәріс сабақтары оқылды.

2 – 3 сынып оқушыларына танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын-жаттығулар жүргізілді.

«Біз біргеміз » тренингі 1 сыныптарға өткізілді. Сабақтың мақсаты.Топты біріктіру. Ырықты есте сақтауды, зейінді дамыту.

5 сынып оқушыларына «Біз және біздің сынып» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: Алаңдаушылықты төмендету; Ішкі топтық жұмылдыруға қол жеткізу; Жалпы «Біз» деген пікірдің өзінің дербес «Мен» деген түсінігін қалыптастыру;

ҰБТ қатысушы 11 сынып оқушыларына «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» атты топтық кеңес берілді.

**Қаңтар** айында мұғалімдер ұжымына «Мұғалімнің психологиялық портреті»
және «Мұғалім әдебі» психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Диагностикаға 35 мұғалім қатысты. Диагностика нәтижелері бойынша жеке кеңестер берілді. Сонымен қатар мұғалімдердің эмоционалдық күлдырауының алдын алу мақсатында «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» атты тренинг өткізілді. Тренингке 18 мұғалім қатысты.

6 – 7 сынып оқушыларына қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған «Қарым-қатынас жасай білу – үлкен өнер» атты тренингі өткізілді.

11 сынып оқушылары ата-аналарына «Ата – анамның қолдауы, арманымның орындалуы» тақырыбында тренинг өткізіліп, «Емтихандарға және ҰБТ-ге дайындалуға көмек» атты жадынама таратылды. Тренингке 15 ата-ана қатысты.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында 1-4 сынып оқушыларына танымдық процестерді дамыту жаттығулары жүргізілді.
«Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында учаскелік инспекторы Қ.Орналиев, мектеп мейіркеші Ж.Күнімай, «Түктібаев» ауылдық амбулаториясы дәрігері Қ.Баймағанбетованың қатысуымен 5-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Ақпан** айында 7-10 сынып оқушыларынан Діни экстримизмнің алдын алу мақсатында «Мен және менің дінге көзқарасым» атты сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша теріс нәтиже көрсеткен оқушылар болған жоқ. Сауалнамаға 132 оқушы қатысты.

7 – 10 сыныптағы қабілетті оқушылармен «Әркімнің өз дара жолы бар» атты тренинг сабақ өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 16.

«Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейіріммен нұрланған» атты
1-2 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. Тренингке 38 оқушы қатысты.

9 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандық таңдау ертеңді ойлау» атты тренинг өткізілді. Қатысқан оқушы саны – 35.

«Өзіңе сен! Сен ҰБТ-де жеңіске жетесің» атты 11 сынып оқушыларына түзете-дамытушылық бағытта тренинг өтілді. Тренингке 18 оқушы қатысты.

7-11 сынып қыз балаларының психикалық саулығын нығайту, жеке бас қауіпсіздігін сақтау, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында «Қыздар ұйымының» жетекшісі Г.Дінисламмен бірлесе отырып түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Әсемдік сыры әдемілікте» атты тренинг өткізілді. Қатысқан қыз балалар саны – 77.

«Адам өзіне қалай сенімді бола алады?» тақырыбында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар мен ата-аналарына топтық кеңестер берілді. Қатысқан ата-ана, оқушы саны - 17

**Наурыз** айында 7 – 9 сыныптардағы қабілеті жоғары оқушылар арасында логикалық қабілеттерін анықтау мақсатында Г.Айзенктің субтесті алынды. Диагностикаға 28 оқушы қатысты.

1-2 сынып оқушыларына «Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейіріммен нұрланған» тақырыбындағы тренинг сабақтың жалғасы жүргізілді. Тренингке 38 оқушы қатысты.

4, 9 сынып оқушыларына «Жарайсың» атты психологиялық бейімдеу сабағы жүргізілді. Қатысқан оқушы саны – 72.

«Дос іздеп жүрмін» атты 5 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. Тренингке – 33

Учаскелік инспектордың қатысуымен 7-11 сынып ер балаларымен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесі ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жасалды. Қатысқан ұл балалар саны – 79.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға «Бәрі де өз қолыңда» атты бейнеролигі көрсетіліп, кеңестер берілді. Қатысқан оқушы саны – 12.

«Отбасы – адамның өз бақыты» тақырыбында ата-аналар жиналысында 5-10 сынып ата-аналарына дәріс оқылды. Қамтылған ата-аналар саны – 78.

**Сәуір айында** 5-6 сынып оқушыларына «НСВ -10» аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі жүргізілді. Әдістеме 80 оқушыдан алынды.

«Dass шкаласы» сауалнамасы 7-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Сауалнамаға 160 оқушы қатысты. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесі бойынша «тәуекел тобына» анықталған оқушылар болған жоқ.

4 сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Диагностикаға 34 оқушы қатысты.

Оқушылардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, қоршаған ортаға деген жағымды эмоционалды қатынас орнату. Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау, жеке тұлғааралық және топтық бірлікті дамыту мақсатында 5-6-7 сынып оқушыларына «Өзіңді-өзің бағалай біл» атты тренинг өткізілді. Тренингке 114 оқушы қатысты.

11 сынып оқушыларымен «Өзіңді сүю, өмірді сүю» атты психологиялық бейімдеу сабағы өтілді.

Емтихан тапсыру кезіндегі стресстік жағдайлардың алдын алу мақсатында
4, 9 сынып оқушыларына «Бәрі маған байланысты, бәрі менің қолымда» атты бейнеролик көрсетіліп, топтық кеңестер берілді.

**Мамыр айында** оқушылардың көңіл-күйі мен әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің ең жақсы күнім», «Менің ең жаман күнім» атты 5-11 сынып оқушыларынан эссе алынды. Эссе жазуға 235 оқушы қатысты.

ҰБТ мен емтиханға психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында 11 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтан етемін», «Емтиханға қалай жақсы дайындалу керек?», «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» атты психологиялық бейімдеу сабақтары өткізілді.

5-11 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы «Бақытты отбасы» отбасылық сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа әр сыныптар бойынша 18 ата-ана қатысты.

Оқушылардың жазғы каникул кезіндегі психикалық саулығын нығайту, жеке бас қауіпсіздігін сақтау мақсатында 5-10 сынып оқушылары ата-аналарын «тағдыр сақшылары» ретінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Қатысқан ата-ана саны – 115.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналарына «Мектеп пен жанұя бірлігі - баланы жан-жақты дамытудың бірден – бір құралы» атты топтық кеңес берілді.

9, 11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан тапсыру барысында өзін-өзі басқара білуі, күйзелістік жағдайлардың алдын алу мақсатында, «Өзіңе сен, сен, емтиханда жеңіске жетесің» атты

**Педагог-психолог** **Абдулла Қ.А.**